

"Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 42-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **тізбе**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№

4 2 - ө

ө к і м і м е н

б е к і т і л г е н

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|-------|---|---|-------------------------------------|-------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесі және сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 2. | Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 3. | Қазақстан Республикасының сот сараптамасы зерттеулері әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |

| | | | | |
|-----|---|---|------------|-------------------|
| 4. | Сот сараптамасы объектілерін пайдалану ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 5. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына алғаш жұмысқа кіретін адамдардың арнайы кәсіптік даярлықтан өту ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 6. | Күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу және олардың күрделілік санаттарын айқындау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 7. | Кешенді сот сараптамаларын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 8. | Сот сараптамасы зерттеулерінің әдістемелерін әзірлеу, байқаудан өткізу және енгізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 9. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметінің ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 10. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестаттау комиссиясы қызметінің ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |
| 11. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестаттау комиссиясының сот сарапшысын аттестаттау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2010 жылғы наурыз |

Ескертпе: Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі